

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІң, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІң және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

№ 236 (9298) | 1953 жылғы 29 ноябрь Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйым.

Қазақстан Коммунист партиясы Орталық Комитетінің жетінші пленумы туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

1953 жылғы 27-28 ноябрьде Қазақстан Коммунист партиясы Орталық Комитетінің жетінші пленумы болды.

Пленум мына мәселелерді талқылады:

1. Қазақстан Компартиясы ұйымдарында коммунистердің есебін және партия шаруашылығын жүргізуді жақсарту шаралары туралы.

Баяндамашы — Қазақстан КП Орталық Комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінің меңгерушісі Н. Д. Новиков жолдас.

2. СОКП Орталық Комитеті септябрь Пленумының МТС-тер мен колхоздарды ауыл шаруашылығының мақам кадрларымен нығайту жөніндегі қаулысының орындалу барысы туралы.

Баяндамашы — Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Г. А. Мельник жолдас.

Пленум талқыланған мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

Мал қыстату дұрыс ұйымдастырылсын

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің осы жылғы септябрьде болған Пленумында мал шаруашылығын өркендетудегі артта қалушылықты жою қажеттігі атап көрсетілді. Пленумының қаулысында былай делінді:

«Мал шаруашылығы соғыстың алдындағы жылдарда да жеткіліксіз өркендеді, сондықтан халықтың ет және сүт өнімдері жөніндегі, ал жеңіл өнеркәсіптің шикізаттың аса маңызды түрлері жөніндегі қажеттерін толық қанағаттандыра алмады. Көзіргі уақытта, халық шаруашылығы жаңа бұрыныдан да жоғары сапалыға көтеріліп, халықтың мал шаруашылығы өнімдері жөніндегі қажеті өлшеусіз өсіп отырғанда, мал шаруашылығының ұзақ уақыт артта қалуы еңбекшілердің материалдық ал-ауқатын оған әрі жақсарту, жеңіл және тамақ өнеркәсібін өркендету, жолындағы елеулі кедергіге айналып отыр».

Пленум мал шаруашылығын және өнімдерін қорғауға мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендетудің еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар екенін және көзіргі уақытта партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндеті болып табылатынын атап көрсетті.

Көзір мал шаруашылығында ең жауапты кезең туды, ал ауыл шаруашылығының осы саласын өркендетуде бұдан былай табысқа жету көбінесе осы кезеңдегідей өткізуге байланысты. Әңгіме-сөзді қыстатудың басталғаны жайында біздің ойымыз. Жүртқа мәлім, қысқы жағдай мал шаруашылығын өңбек етуін, фермалардағы жұмыстың өте тынғылықты және бірлесіп жүргізілуін талап етеді.

Көптеген колхоздар дәл осы кезеңде қыстауға малдың өнімділігін төмендетуіне, тел мен сақа малдың өлеуіне шығын болуына жол береді. Мұның себебі жем шөп қорының жеткіліксіздігі, мал қоралары жайының лапағаттанғысыздығы, малдың нашар күтілуі болып табылады. Ал, озағаттардың тәжірибесі малды мол азық тандырып, тынғылықты бағын күткенді бүкіл жыл тәулігі бойында одан жоғары өнім алуға болатынын көрсетеді.

Өткен жылғы әрбір сыйырдың 5,23 литр сүт сауған Қостромаың «12 Октябрь» колхозы бұған айқын мысал болды.

Қазақстанда мал шаруашылығының артта қалған шаруашылық саласы болып отырғаны жұртқа мәлім. Ұзақ уақыт артта қалу себептерінің бірі—жемшөп дайындау және өсіру жұмыстарын механикаландыру дәрежесінің төмендігі. Ал оның бәр жағында республикада мал шаруашылығын өркендету үшін аса бай мүмкіндіктер бар. Мұның жолын ауыл шаруашылығының озағаттары көрсетіп отыр. Ақмола облысы, Калинин атындағы МТС-нің директоры Трофимов жолдас «Ирвада» былай деп хабарлайды:

«Біздің механизаторларымыз МТС қамғытып барлық колхоздарда жемшөп цехтарын салып, оларды сабан тұрағыштармен, жемшөп булағыштармен, дән уатқыштармен, тамыр тұрағыштармен және басқа машиналармен жабдықтады. Бұл цехтарда сабан мен жай шөп ұсақталып, буланады, дарға концентрат немесе тамыр-жемістер қосылып, дәмделеді де, осындай күнінде малға беріледі. Қысқы уақытта малдың өнімділігі төмендеген жоқ. Мысалы, сүт қазғы мөлшердегідей сауылуда».

Село механизаторларының белсенді, өзрествольдық жұмысының үлгілерін әрбір облыс пен республикада, әрбір өлкеде көруге болады. Бірақ, жергілікті басшылар олардың озағат тәжірибесін нашар тарады, мал шаруашылығын өркендетуіне арлық механизаторлардың белсенді қатысуын МТС директорларынан талап етпейді. Смоленск, Калинин, Ярославль, Новгород және басқа бірқатар облыстардың үздіктерін колхоздарының әлі күнге дейінгі фермалардағы өсіретін көп тілейтін жұмыстарды қарайтын механикаландырудың өзіне кірмей отырғанын басқашы есеппен айтуға бола ма!

Мал қораларын салудағы артта қалушылыққа оған әрі төзуге болмайды. Кеңес орен аудандарда мүлде жауапты жағдай ретінде жемшөптің өсірілуіне ерекше маңызы бар Киров, Мотовлов және Кострома облыстарында мал қораларын салу жұмысы жылдан жылға орындалмай келеді. Мысалы, Киров облысының колхоздарында 1949 жылдан 1952 жылға дейінгі уақыттың ішінде ұрылыс жоспары орта есеппен 58 процент қана орындалған. Жұмыс қарқыны айыны да күшейген жоқ. Жоспардың орындалуына қажетті шараларды қабылдау керек.

ССРО Конституциясы күні құрметіндегі социалистік жарыс

Үлгілі еңбек

«Интернационал» колхозында (Октябрь ауданы) Коновалов МТС-нің бір «С-80» және бір «ДТ-54» тракторларымен шөп тасуда жұмыс істейтін тракторшылар А. Левченко, П. Нестерев және С. Левченко жолдасар күндік тапсырмаларын үнемі артық орындап келеді. Сол сияқты, мұнда шөпті көлік күшімен тасу да тынғылықты ұйымдастырылған. Көпшілік шөп тасуға бөлінген Т. Дамутов, Загребельный, Асанов жолдасар да күндік тапсырмаларын екі есе артық орындап жүр.

Осының нәтижесінде көзір мал қораларының жанына дайындалған мал азығының көпшілігі тасылып болды. Шөп тасуда жүрген колхозшылар мен механизаторлар ССРО Конституциясы күніне дейін дайындалған мал азығының барлығын мал қоралары жанына тасып алуға көзделіп, жұмыс қарқынын өрістете түсуде.

Колхозда мал қыстату жұмысы да тынғылықты жүргізілуде. Қоғамдық мал жылқы қораларда күтіліп, ішпенген және басқа да құнарлы азықпен уақытылы азықтандырылады. Азықтың үнеммен жұмалуы үшін оны өлшеп беру ұйымдастырылған.

А. АСАЙЫНОВ.

Өрлеу үстінде

Қаладағы былғары зауытында социалистік жарыстың көңіліне нәтижесінде еңбек өнімділігі артып, өнім шығару барған сайын ұлғаяды. Сол сияқты, мұнда еменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындайтын алдыңғы қатарлы жұмысшылар саны да үздіксіз көбейіп келеді. Мұндай жұмысшылардың қатарына Р. Грей, Г. Белов және М. Пшаклов жолдасарды қосуға болады. Бұлардың әрқайсысы еменалық нормаларын үнемі біржарым есе асыра орындайды.

Зауод коллективі қол жеткен табыстарды баянды етіп, үстіміздегі айдың жоспарын мерзімінен бұрын орындап, ССРО Конституциясы Күнін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алмақ.

М. ЖАҚСЫЛЫҚОВ.

Өндіріс-финанс жоспарының пайдасы

Өткен жылдың март айында Петропавл темір жол бөлімшесінің диспетчерлер коллективі арасында диспетчерлік ұжымның техникалық мүмкіншіліктерін комплексі пайдалану жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістеді. Бұл жарыста ССРО Конституциясы күні қарсаңында поездар жүрсіне қатысы бар жұмысшылар мен қызметшілердің бәрі дерлік қатысты.

Еңбекшілердің жұмыстың нәтижесін және экономикалық кіріс-шығыстарды айыру үшін темір жол бөлімшесінде әрбір смеске өндіріс-финанс жоспары жасалды. Диспетчер өзінің жұмысының нәтижесін бұдан бұрын да өлетін. Бірақ, ол кірістің неден кіріп, неден шығын болғанын жете білмейтін. Өндіріс-финанс жоспарын енгізгеннен кейін диспетчер өзіменасында істеген жұмысының нәтижесін барлық жағынан есептеп білетін болды.

Өндіріс-финанс жоспарын енгізгеннен кейін диспетчерлер назарды поездарды қабылдауға және тапсыруға, оларды график бойынша жөнелтуге ғана аудартып. Ал, поездардың салмағы, участоктік жылдамдық өкінісі көзекке қойылып жүрді. Соның салдарынан поездардың салмағы тиісті нормадан кем, участоктік жылдамдығы тым баяу болатын. Менің бір кезегімде де поездардың салмағы нормадан кем, участоктік жүру жылдамдығы баяу болып шықты. Соның салдарынан көзекшіліктің экономикалық көрсеткіштері азайып, көп қаржы шығын болды.

Осы кезектен кейін мен мынадай қорытындыға келдім: диспетчер участогінің рентабельді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін негізгі күшті—паровоздар мен вагондарды тиімді пайдаланып, поездардың салмағының төмен болуына жол бермеу керек.

Диспетчерлер еменасының өндіріс-финанс жоспарына: жүк түсіру, жүк тиеу, поездарды қабылдау және тапсыру, олардың салмағы, поездарды график бойынша жөнелту, оларды станциялардан тоқтаусыз өткізу, жүк тасудың өзіндік құнын кеміту енгізілді. Өндіріс-финанс жоспарын

дайып, оны мінсіз орындап келеміз. Бұл өзге ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, жұмысты еменасын өнімді етсеуге, жүк тасудың өзіндік құнын кемітуге қолайлы жағдай туғызып отыр.

Осы жылдың өткен он аны ішінде мен поездардың салмағы жөніндегі жоспарды толық орындап шықтым. Ал, участоктік жүру жылдамдығы жөніндегі жоспар 120 процент, тасымал жұмысы жөніндегі жоспар тонна-километр есеппен 102,3 процент орындалды. Поездардың участоктік жылдамдығын арттырудан 72 мың 192 сом, тонна-километр есеппен жүк тасу, жоспарын артығымен орындаудан 14 мың сом, поездарды далаалық станциялардан тоқтаусыз өткізуден 44 мың 600 сом қаржы үнемдеді. Өндіріс-финанс жоспарын артығымен орындап, он ай мерзімінде барлығы 312 мың 242 сом қаржы үнем болды.

Өндіріс-финанс жоспарын орындауда біздің темір жол бөлімшесінің басқа да бірінші диспетчерлері айтарлықтай табыстарға жетті. Олардың ішінде Пшаклов, Сахаров, Короткевич жолдасар сияқты диспетчерлер бар.

Темір жол бөлімшесінде бесжүзші-ауыл салмақты поездарды жүргізушілер қатары көбейген болса, жүктің өзіндік құнын кемітуде және мемлекет қаржысын үнемдеу жұмысында біздің табысымыз бұдан да зор олар еді. Алайда, бөлімшеде мұндай паровозшылардың саны әлі аз. Бұған жол реттерде біздер, диспетчерлер кінәліміз. Өйткені, бөлімшеде бесжүзшілер мен ауыл салмақты поездар жүргізушілерді көбейтуге бөгет болып отырған жағдайлар бар. Станцияларда поездар ұзақ уақыт боу тұрып қалады. Мұның өзі жүк тасу ісін бөгеуге өкеліп соғып жүр.

Поездардың жүрсінін ұйымдастырудағы мұндай кемшіліктерді жою, жұмыста ақауға жол бермеу, техникалық ережелерді мұқият сақтау экономикалық көрсеткіштерді жақсартуға, жүктің өзіндік құнын кемітуге, сойтып, партиямыз бен үкіметіміздің темір жол транспорты алдына қойған міндеттерін орындауға қажетті шараларды қабылдау керек.

Советтік Қазақстанда

Жылдық жоспар орындалды

Қазақстан астанасының өнеркәсіп орындары ауыл шаруашылығына арналған өнімді көп шығаруда.

Жөндеу-механикалық зауытының коллективі тракторлардың запас бөлшектерін жасаудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Кәсіпорынның қызметкерлері өз инициативасы бойынша тапсырмадан тыс СХТЗ тракторының қымбат тұратын 300 жарты білігін жасап берді. Зауод шығарған өнімдер Қазақстанның, Қырғызстанның, Өзбекстанның МТС-теріне жөнелтілуде.

Алматының «XX лет Октября» механикалық зауыды трактордың запас бөлшектерінің 32 түрін шығарады. Зауод мұның отыз түрі бойынша жылдық өндіріс жоспарын көзірдің өзінде орындап болды. Материалды комплексі үнемдеу есебінен трактор моторларының, плугтердің, сеяналардың және басқа ауыл шаруашылық машиналарының көптеген запас бөлшектері жасанды.

Алматы заводтарында жасалған трактордың запас бөлшектерін Қазақстанның, Орта Азия республикаларының, Уралдың, Поволжаның МТС-тері мен совхоздарында көруге болады.

(ҚазТАГ).

Дунган сарымсағы

Алматының, Шымкенттің, Талдықорғанның, Жамбылдың және республиканың оңтүстігіндегі басқа қалалардың колхоз рыноктерінде алуан түрлі өсімдік арасында сарымсақтың «Дунганский—56» дейтін жаңа сортының ірі ниызығы ерекше көзге түседі. Оның барлық қабаттары бірдей, сырты қабыршағы өте берік, сонымен бірге басқа да ерекшеліктері бар. «Дунганский—56» сарымсағы—халық көп тұтынатын бағалы өсімдік дақыл. Ол сонымен бірге консерв, ет, медицина өнеркәсіптерінде кеңінен қолданылады, ал соңғы кезде малдәрігерлік орындарында пайдаланыла бастады.

«Дунганский—56» сарымсағының мол өнімді жаңа сортын В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының қазақ филиалы егіншілік институтының Алматы өсімдік бағында өсіріліп отыр.

ғанда әр сыйырлан орта есеппен сауылған сүт 900 литрден сәл ғана артты. Мұны айырмасы бес жарым еседен де артық! Вологда облысы жайында да осыны айтпағанда, Вологданың озат сауыншылары бір жылда әр сыйырдан төрт-бес мың литр сүт сауған болса, облыс бойынша тұтас алғанда—тек 819 литр сүт сауылды.

Колхоздарда малдың өнімділігін шұғыл арттыру үшін қандай зор мүмкіндіктер бар екенін озаттардың тәжірибесі көрсетеді. Тек осы мүмкіндіктерді неғұрлым толық пайдаланып, жемшөп базасын батыл нығайтып, жаңа мал қораларын неғұрлым тез және жақсы салып, фермалардағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды жеңінен механикаландырып, малды жақсы күте білу керек. Мал шаруашылығын оған бірі өркендетудің басты шарты міне осында.

Былтығы мал қыстату белгілі бір қиыншылық жағдайда өткізіледі. Әңгіме мынада: көптеген облыстар, әлқелер мен республикалар жемшөп дайындау жоспарын орындамады, мал қораларын салу жұмысын аяқтаған жоқ. Қырғызстанның колхоздары пішенді өткен жылғыдан аз дайындады. Қазақ, Кавказ-Фин, Белорус, Эстон, Латвия республикаларының және басқа кейбір республикалардың колхоздары да жоспарды орындаған жоқ.

Бірқатар аудандарда жемшөп қорын әлі де толықтыруға болады. Егіс даласында көптеген сабан мен топан жыйнамай жатыр. Осы жемшөптің бәрін ұқыптылықпен жыйнап, майлап, талдан-таракта тусуден сақтау керек. Жемшөптің бүлінуіне және ұрлануына жол беретін жергілікті басшыларды ешбір жағдайда ақтауға болмайды. Көзір адамдар егіс жұмыстарынан босады, барлық жемшөп қорын жыйнап, сақтауға толық мүмкіндік бар.

Жемшөп жеткіліксіз болып отырғанда оны ерекше үнемдеп жұмсау талап етіледі. Солай бола тұра да, көптеген колхоздарда қыстың алғашқы күндерінен бастап бұл іске үкімсіз қараушылық байқалады. Жемшөп малға өлшеусіз және өзенсіз беріледі, сабан ұсақталмай, дәмделмей беріледі. Мұның өзі жемшөптің едәуір бөлігінің жоюы болып, малдың аяқ астында қалуына әкеліп соқтыруда. Осының салдарынан мұндай колхоздар жыл сайын жемшөптің ташынығына ұшырауда.

Мал қыстатуды ұйымдастыруда машина-трактор станциялары маңызды роль атқарады. Көзгі уақытта машина-трактор станциялары ауыл шаруашылығының мамандарымен толықтырылды. Мұнда зоотехниктер мен малдәрігерлік қызметкерлері келді. Олар колхоздардың малды дұрыс азықтандыру ісін ұйымдастыруына, малды үлгілі күту ісін жолға қоюына көмектесуге міндетті. МТС-терде, маман инженерлер, механиктер, слесарьлар бар. Жемшөп өзірлеуді, мал суаруды механикаландыру, колхоз малшыларының еңбегін жеңілдету үшін бұл кадрлар көп жұмыс істей алады.

Колхоздардың заявқалары бойынша

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Облыстық «Заготживконтордың» базасына 32 асыл тұқымды Дон жылқысы әкелінді. Олар Талдықорған, Киров және Қаратал аудандары колхоздарының заявқалары бойынша сатып алынды. Выйылдың

өзінде облыс колхоздарының жылқы фермалары жүзден аса асыл тұқымды жылқы сатып алды. Көптеген колхоздар Орлов және Дон жылқыларының тұқымы көзінде өзінде барлық жылқының төрттен үш бөлігіне жетіп отыр.

«Правданың» 21 ноябрьдегі басмақаласы).

өзінде облыс колхоздарының жылқы фермалары жүзден аса асыл тұқымды жылқы сатып алды. Көптеген колхоздар Орлов және Дон жылқыларының тұқымы көзінде өзінде барлық жылқының төрттен үш бөлігіне жетіп отыр.

өзінде облыс колхоздарының жылқы фермалары жүзден аса асыл тұқымды жылқы сатып алды. Көптеген колхоздар Орлов және Дон жылқыларының тұқымы көзінде өзінде барлық жылқының төрттен үш бөлігіне жетіп отыр.

өзінде облыс колхоздарының жылқы фермалары жүзден аса асыл тұқымды жылқы сатып алды. Көптеген колхоздар Орлов және Дон жылқыларының тұқымы көзінде өзінде барлық жылқының төрттен үш бөлігіне жетіп отыр.

өзінде облыс колхоздарының жылқы фермалары жүзден аса асыл тұқымды жылқы сатып алды. Көптеген колхоздар Орлов және Дон жылқыларының тұқымы көзінде өзінде барлық жылқының төрттен үш бөлігіне жетіп отыр.

Мал күтімі жақсы

Приеиім ауданындағы «Востандық» колхозының мүшелері бийыл қоғамдық малды қуарып жемшөптен, жылы қоралмен қамтамасыз етті. Мал қыстатудың алғашқы күндерінен бастап, фермалардағы мал өсірушілердің еңбегін ұйымдастыру дұрыс жолға қойылды.

Дайындалған мал азығын қоралар жағына тасып үю қызу жүргізілуде. Колхоз басқармасы жемшөп тасуды қар қалындағанша аяқтауды көзден, бұл жұмыста 26 шар көлік белді. Мұнымен бірге шөп тасуда бір «ДТ—54» тракторы жұмыс істейді. Жемшөп тасуға бөлінген колхозшылар мен механикаторлар күндіз тапсырмаларын асыра орындай отырып, аз күнде 7871 центнер пішенді тасып үйді.

Фермаларда мал азығы алдын-ала жаңалан азықтандыру раціоны бойынша жұмсалыды. Осының нәтижесінде малдың соңы жақсы, өнімділігі жоғары болып келеді. Сонымен қатар, малды азықтандыру раціонының бұлжытпай жүзеге асырылуы, азықтың үнемделіп жұмалуына жағдай туғызып отыр.

Б. БАЗАРБАЕВ.

Ауыл шаруашылығын өркендету беру—аудан партия ұйымының күнбе-күн шұғылданатын мәселесі

Полудень аудандық VIII партия конференциясы

Полудень аудандық партия комитетінің секретары Камалетдинов жолдастың есені баяндамасында және аудандық партия конференциясы делегаттарының сөйлеген сөздерінде ауданның колхоздары мен совхоздарының экономикасын өркендету тусу-де қол жеткен кейбір табыстар атап көрсетілді. Аудан өткен жылдардағыдай, бийыл да мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындап шықты. Алдыңғы қатарлы колхоздар дәліл дақылдан мол өнім жыйнады.

Конференция аудандық партия комитетінің, аудандық Совет атқару комитетінің және бүтіндей аудан партия ұйымының құмысындағы көмшіліктерге баса назар аударды. Ауыл шаруашылығының бірқатар салалары, әсіресе, мал шаруашылығы артта қалып келеді. Ауданның төрт колхозы мемлекетке астық тапсыру жоспарын кі күнге орындаған жоқ. Аудан мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын (жылқыдан басқа) орындамады. Өткен жылы да, бийыл да мал шығынына жол берілді. Соңғы жылдары, әсіресе, ірі қара мал мен қой төлдерін сақтаудың жайы мүлде нашарлап кетті. Аудан соңғы үш жыл бойы сүт сауу және жүн қырку жоспарын орындай алмай келеді. Картоп пен оғаш өгісіне жете назар аударылмай отыр, бұл дақылдардың өнімі төмен.

Ауданда қоғамдық малды жемшөптен қамтамасыз ету мәселесі әлі шешілген жоқ. Мал үсігізіледі қысқа да жемшөптен жеткілікті қамтамасыз етілмеді. Ал, кейбір колхоздарда жайындаған жемшөп февраль айына дейін ғана жетеді.

Конференция делегаттары өздерінің сөздерінде атап көрсеткендей, бұл көмшіліктердің орын тобуына басты себептерінің бірі—аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитетінің ауыл шаруашы-

лығын өркендету ісіне қанағаттанғысыз басшылық жасауында болып отыр. Жарыссөзде сөйлеген делегаттар жұмыстың түрлі салаларындағы көмшіліктердің бетін ашты.

— Біздің ауданда, —деді Чапаев атындағы колхоз партия ұйымының секретары Саможенов жолдас. —мамандарды МТС-тер мен колхоздарға жіберу және оларды жаңа орындарға орналастыру мәселелерімен аудандық партия комитеті мүлде шұғылданбай отыр.

Делегаттар жемшөптің жеткілікті өзірленбеуіне кінәлі адамдар жөнінде есепті баяндамада мәселені байыптан қоя алмағаны үшін де аудандық партия комитетін сынайды. Сол сияқты, мал шаруашылығын өркендету жөнінде, ауданда пайдаланылмай отырған қорлар мен мүмкіншіліктер жөнінде есепті баяндамада көңіл аударарлық түйінді пікір мен қорытынды болмады.

— Аудандық комитет, —деді Кутубов жолдас. —ауданның экономикасын өркендету жөніндегі түйінді мәселелермен шұғылданбай, өзінің күнбе-күнгі жұмысында ұсақ-түйек шаруашылық мәселелермен орынасыз көп айналысты. Аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитеті колхоздарды жан-жақты өркендету жөніндегі перспективті мәселелермен жеткіліксіз шұғылданып отыр.

Сол сияқты, аудандық партия комитеті машина-трактор станцияларына нақтылы басшылық жасай алмай келеді. МТС басшылары мал шаруашылығында еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру жұмысын мықтап қолға алмай отыр. Басқа да жұмыстарды жүргізуде МТС-тердің колхоздарға көмегі мүлде қанағаттанғысыз. Мәселен, Полудень МТС-і колхоз-

орындауда диспетчерлік басшылықты жақсартып, еңбектің озат әдістерін қолданудың, поездардың резервте жүрісінің және туруын қысқартудың зор маңызы бар. Өрбір көзекшіліктің табысты өтуі үшін диспетчер сменаның барлық жұмысшыларымен байланысты күшейте білуі керек.

Біз көзір өндіріс-финанс жоспарын қол-

Графиктен озғандар

Ауыр жұк тиелген поезд Петропавл станциясында сапарға шығуға дайын тұрған еді.

—Ауыр салмақты поезд кім апарды? —деп сурады депо көзекшісінен диспетчер Ушаков.

—Машинист Чесноков, —деді көзекші.

—Селекторге жіберіңіз оны.

Диспетчер мен машинист ауыр составты Петропавл станциясынан Есілкөл станциясына графиктен бұрын жеткізу шаралары туралы келісті.

—ССРО Конституциясы күрметіндегі социалистік жарысқа қосылғанда алған сөздің өсінде ме? Ең жауапты салаларының бірі бұл. Бар өнеріңді жұмса. Сенемі саған! —деді диспетчер машинистке кү-

лімісіреп.

Поезда тиелген жүктің салмағы нормадан 1.500 тонна артық болатын. Диспетчер де, машинист те өздерінің сөздерінде тұрды. Поезд ауыр жүкпен Есілкөл станциясына белгіленген уақытта жетті.

Мұның артында машинист Барбасов жолдас та 300 тонна жүк нормадан арты тиелген ауыр салмақты поездды Петропавл станциясынан Есілкөл станциясына график бойынша апарды.

Таңдаулы машинистер қаһарлы қыстың жағдайында ауыр салмақты составтарды шапшаң жүргізіп, жүкті мезгілінде жеткізуде. Бұл—паровозшылардың ССРО Конституциясы күніне тартқан тартуы.

Ө. АСЫЛБЕКОВ.

де, бастауыш партия ұйымдарының секретарьларымен партия жұмысы, үгіт-коллективтерінің жұмысы және коммунистердің тәрбиелеу жөнінде әңгімелесуді өздерінің борышы деп сағалайды.

Конференцияда комсомол ұйымдарының жұмысына және партия ұйымдарының оларға басшылық жасауына көп назар аударылды. Аудандық партия комитеті аудандық комсомол комитетінің жұмысты жақсы істеуін қамтамасыз ете алмады. Делегаттар аудандық комсомол комитетінің және оның секретары Криворучко жолдастың бастауыш комсомол ұйымдарынан қол үзгенін, жергілікті жерлердегі жұмыстың жайын жете білмейтіндігін сынайды.

Делегаттар аудандық тұтынушылар одақтың председатели Майоров жолдастың жұмысты қанағаттанғысыз істейтіндігін қатты сынайды. Майоров жолдас тұтынушылар кооперациясының магазиндерінде халық тұтынатын бұйымдардың жеткіліксіз болуына қажетті құрылыс жасамайды. Сол сияқты, ол колхоздарды минералды тыңайтқыштармен, жабайы құрылыс жабдықтарымен және малға қажетті түзбен қамтамасыз ету жөнінде де маңызды ештеңе істемей отыр. Мұндай қанағаттанғысыз жұмысы үшін Майоров жолдас әлде неше рет әділ сын алған болатын, бірақ, ол бұл әділ сындардан тиісті қорытынды шығармай жүр.

Жарыссөзде сөйлеген көптеген делегаттар аудандық партия комитетінің екінші секретары Карпенко жолдастың коммунистерге дөрекі мінездер көрсеткендігі жөнінде фактілер келтірді.

Конференция жұмыстағы көмшіліктерді, жойып, СОКП Орталық Комитетінің сен-тябрь Пленумы алға қойған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға бағытталған қазар қабылдады.

Ұйымдастыру пленумында аудандық партия комитетінің секретарьлары болып Камалетдинов, Карпенко және Бодров жолдастар сайланды.

Алматы облысы, Алматы ауданындағы «Заря Востока» ауылшаруашылық артели бийыл әр гектардан 13 тонна дунган сарымсағын жыйнады.

1954 жылы Қазақстанның колхоздарында «Дунганский—56» сарымсағының егісі едәуір ұлғайтылады.

(ҚазТАГ).

Ауыл шаруашылығы үшін

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Облыстың химия өнеркәсіп орындары ауыл шаруашылығы үшін өнімдер шығаруды арттыруда.

Қаратау кен-химия / комбинатында фосфорит ұнын шығару өткен жылғыдан едәуір арттырылды. Өнімді көп шығару жолындағы жарыста инженер Михаил Солнцевағің сменасы жақсы табысқа жетті. Көзір бұл смена декабрьдің екінші онкүндігінің есебіне шикізат беріп бастады. Осы жарыстың инициаторлары комсомолка Файна Меньяева мен Абраил Ибрагимов соңғы екі айдың ішінде мемлекетке 50 мың сомнан аса қаржы үнемдеп берді.

Жамбыл суперфосфат заводы графикті асыра орындауда.

Ауыл-селода үгіт-бұқаралық жұмыстың дәрежесі жоғары болсын!

Сөз ауыл-село үгіт коллективтерінің жетекшілеріне беріледі

Үгіт коллективінің жұмыс жоспары

Үгіт жұмысын ұйымдастыруда жоспар жасаудың және оның орындалуына үнемі бақылау жасаудың ерекше зор маңызы бар. Үгіт коллективтері саяси-бұқаралық жұмыстың жоспарын жасағанда, жан-жақты ойластыруға, жергілікті жағдайдың ерекшеліктерін ескере отырып, нақтылы міндеттерді белгілеуге тиіс. Сонда ғана үгіт коллективтері өз жұмысында табысқа жетеді.

Мен басқаратын үгіт коллективінің мүшелері жұмыс жоспарын жасауға кіріспестен бұрын өзара әңгімелесіп, колхозшы шаруалардың қандай мәселеге ерекше көңіл бөлетінін біліп алады. Колхоздың жұмысының барысын, алда тұрған міндеттерді, істе кездескен кемшіліктерді жете зерттеп білгеннен кейін ғана жоспар жасауға кірісу керек. Бірақ, бұл арада ескере жететін бір мәселе — тек жеке колхоздың алдында тұрған міндеттерді ғана емес, сонымен қатар, ауданның, облыстың еңбекшілерінің алдында тұрған міндеттерді де ескеру керек. Сонда ғана үгіт-бұқаралық жұмысының барысында ауданда, облыста, республикада және бүкіл елімізде болып жатқан барлық жаңалықтар мен өзгерістерді толық қамтуға болады.

Соңғы кезде үгіт коллективінің жоспарына әдәуір өзгешеліктер енгізілді. Әдетте біз түрлі шаруашылық науқандарға бейімдеп, жоспарды жалпылама жасайтынбыз. Ал, көзір СОММ Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жан-жақты насихаттау мақсатында шаруашылықтың әрбір саласына байланысты міндеттерді еңбекшілерге жеке-жеке толық түсіндіруді жоспарладық. Жұмысымыз Алай жүргізіліп келеді.

Жұмыс жоспарында әңгіменің қай күш өткізілетіндігі, оның нақтылы тақырыбы пайдаланылатын негізгі материалдар жер сәттеледі. Бұл тақырыптар үгітшілерге белініп беріледі.

Үгітші — жасалған жоспарды жүзеге асырушы. Бұл жұмысқа оның жауаптылығымен қарауы, оны шеберлікпен жүзеге асыруы — табыс кілті. Олай болса, үгіт коллективінің жалпы жоспары негізін үгітшілердің өздерін жеке жоспар жасауға үйрету қажет. Бұл өте біздің үгіт коллективінде көзір қолданылып жүр.

Жоспар үгіт коллективінің бүкіл жұмысына негізгі басшылық ету ретінде қабылданады. Бірақ, біз жоспарда барлық шараларды түгел қамтып аламыз деп айта алмаймыз. Сондықтан жергілікті жағдайға байланысты жоспардың кейбір тақырыптарын істің барысында өзгертіп, оны жан-шаралармен толықтырып отырамыз. Сонда тама ағымдағы мәселелерді және міндеттерді толық қамтуға болады. Меніңше әрбір үгіт коллективі өзінің бүкіл жұмысын негізінен алдын-ала мұқият жасалған жоспарға сүйеніп жүргізуге тиіс. Бұл бір



СУРЕТТЕ: облыстағы үгіт коллективтері жетекшілерінің біртобы. Солдан оңға қарай — бірінші қатарда: К. Козловцев — Конохов ауданы, «Новый путь» колхозы, Н. Долженко — Приешім ауданы, «Путь Октября» колхозы, Р. Журавлева — Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозы, Б. Меңдібаев — Булаев ауданы, Стаханов атындағы колхоз. Екінші қатарда: С. Дәуітов — Совет ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы, Г. Чешков — Мамлют асыл тұқымды мал совхозы, И. Әбішев — Октябрь ауданы, «Қызыл ту» колхозы, А. Слепченко — Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозы. Суретті түсірген: А. Розенштейн.

Көрнекі құрал үгіт жұмысында шешуші роль атқарады

Біздің колхоздың үгіт коллективінің мүшелері өздерінің жұмысында көрнекі құралдарды үнемі қолданып келеді. Өзге, оңғы кезде СОММ Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын насихаттауға байланысты біз ауыл шаруашылығының алып адыммен өркендеуін, колхозшылардың тұрмысының ақсара түскендігін баяндайтын бірнеше сурет монтаждарын артедік «Ауыл шаруашылығының өркендеуі» деген монтажда сентябрь Пленумының қаулысымен жолма-жолмен көлтірілді, сонымен қатар, ауыл шаруашылығына арналған жаңа машиналарды, асыл тұқымды малдарды, еңбекті көп керек ететін құрылыстарды механикаландыруды көрсетіп, еліміздің ауыл шаруашылығының озат қызметкерлерінің табыстарын баяндайтын үрлі түсті суреттер пайдаланылды.

Селода жүргізілетін үгіт жұмысының штабы болып табылатын селолық кітапхананың үшін түрлі көрнекі құралдармен бейнделуі өте пайдалы. Өйткені, біздің колхозда тұрақты кітапханың 250 адамның 95 проценті колхозшылар. Оның үстіне кітапханаға келмейтін колхозшы жоқ десек ешбір асыра айтпайдық болмайды. Міне, сондықтан көрнекі құралдардан еліміз-

Дауыстап газет оқып берудегі тәжірибем

Дауыстап газет оқу — еңбекшілер бұқарасы арасында жүргізілетін саяси үгіт жұмысының маңызды бір саласы.

Мен газет оқып беруге қалай әзірленемін және оны қалай өткіземін, міне, енді осыған тоқталмақпын. Газетті оқып беру үшін менің арнаулы жоспарым болады. Ол жоспарды жасарға тыңдаушыларды қандай мәселе көбірек қызықтырады, олардың не туралы білгісі келеді — алдымен осыған назар аударамын. Осылай әрбір тыңдаушының пікірін біліп алғаннан кейін жоспар жасаймын.

Газет оқып берудің жоспарын жасап болғаннан кейін, оған жақынмен әзірленемін. Тыңдаушылардың тілегі бойынша газеттердің соңғы нөмірлерінде жарияланған материалдарды таңдап алып, өзім оқып шығамын. Ол материалдарды өз колхозымыздың өмірімен байланыстыру үшін алдын-ала колхоз шаруашылығының орындалуының барысынан қажетті фактілерді жыйнаймын.

Жақында облыстық газеттерде озат колхоздардың тәжірибесі туралы мақалалар жарияланды. Біздің тыңдаушылар арасында бір мақаланы оқып беруді тілек еткен болатын. Мен «Ленин

Әңгіме — саяси үгіттің негізгі түрі

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы белгілеп берген міндеттерді ойдағыдай орындау жолындағы социалистік жарыс бүкіл елімізде көп өріс алды. Бұл жарыс еңбекшілердің саяси және өндірістік белсенділігін арттыра түсті.

Еңбекшілер арасында саяси үгітті мейлінше өрістетпейтінше шаруашылық міндеттерді орындауда табысқа жету мүмкін емес. Қай жерде саяси үгіт көп өріс алса, сол жерде шаруашылық міндеттерін ойдағыдай орындалатындығы, ал, қай жерде саяси үгіт жүргізілмесе, немесе, оның дәрежесі төмен болса, сол жерде шаруашылық міндеттердің орындалуы да өте төмен болатындығы тәжірибеде көрініп келеді.

Біздің совхозда 43 үгітші бар. Олардың барлығы фермаларға бекітілген. Ай сайын үгіт коллективінің жұмыс жоспары жасалып, партия бюросының мәжілісінде бекітіліп отырылады. Жоспарда үгітшілердің қандай тақырыпта, қай уақытта әңгіме өткізетіндігі, қандай материалдарды пайдаланатындығы көрсетіледі.

Саяси үгіттің толып жатқан түрлері бар. Солардың ішінде ең негізгісі тыңдаушылардың белсенді қатысуымен өткізілген әңгіме болып саналады. Біздің совхозда үгіттің бұл түрі көбірек қолданылады.

Жуықта үгітші А. Максименко жолдас сауыншылар арасында сентябрь Пленумының қаулысына байланысты мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөнінде әңгіме өткізді. Ол бұл әңгімеге алдымен өзі тыңғышықты дайындады. Сондықтан да оның әңгімесі қызықты өтті. Тыңдаушылар әңгімеге белсене қатысып, сөз сөйлеп, сыйыр сауудағы кейбір жақсы тәжірибелерді ортаға салды. Сонымен бірге, кездескен кемшіліктердің бетін ашып, оны жою жөнінде өздерінің пікірлерін айтты.

Максименко жолдасын өзі сауыншы болып істейді. Ол өзінің үгітімен ғана емес, сонымен бірге, өндірістік жұмыста да үлгі көрсетіп жүр. Өзіне бекітілген әрбір сауын сыйырда өткен он айдың ішінде 2500 литрден сүт саууға жетісті. Бұл күндері Максименко жолдасқан үлгі алған сауыншылар көптеп саналады. Мәселен, Е. Гусева, Т. Гусева және Мажникова жолдасар әрбір сауын сыйырда 1800 — 2150 литрден сүт сауды.

Біздегі үгітшілердің көпшілігі өздерінің әңгімесін тыңдаушылардың белсене қатысуымен өткізеді. Сөйтіп, олар совхоз шаруашылығының өркендеуіне келеді үлес қосуда. Совхоз мал қыстатуды ұйымдастырған түрде бастады. Барлық түлік құнарлы азықпен, жайлы қораман қамтамасыз етілді. Үгітшілердің ендігі мақсаты — бұ

Египет үкметінің АҚШ үкметіне нотасы

КАИР, 26 ноябрь. (СОТА). Баспасөздің хабарларына қарағанда, Египеттің сыртқы істер министрі Фавзи Каирдегі американдық елшісі Кеффериді 25 ноябрде қабылдап, Египет үкметінің американдық египет қарым-қатнастары жөніндегі нотасын тапсырған.

«Аль-Ахрам» газетінің дипломатиялық тілшісі египеттік нота Египеттің премьер-министрінің орынбасары Насердің АҚШ «тек құрғақ үде береді» деп жуырда жасаған мәлімдемесіне байланысты АҚШ-тың Египетке көзқарасына талдау жасалғандығын жазады.

Американдық АҚШ үшін қолайсыз деп есептеп, бұл нотаны жарияламауға ұйғарған. Баспасөз өкілдеріне Кеффера «нотаның мазмұнын сендер ешқашан білмейсіздер» деп мәлімдеген.

Австралия халқы бейбітшілік үшін күресте

СИДНЕЙ, 26 ноябрь. (СОТА). «Трибюн» газетінің хабарына қарағанда, Сиднейде бейбітшілікті қорғау Бюросы құрылған. Ол бейбітшілік және соғыс мәселелері жөнінде осы жылы сентябрдің 26-нан 30-на дейін өткізілген Бүкіл-австралиялық съездің қарарлары рухында австралиялық бейбітшілікті жақтаушылардың жұмысына басшылық жасайтын болады.

Бюро үндеу жариялаған, онда атап айтқанда былай делінген: Бейбітшілік және соғыс мәселелері жөніндегі бүкіл-австралиялық съезд қалай жұмыс істесе, «бейбітшілікті қорғау Бюросы солай жұмыс істейді».

Сол сияқты, «Трибюн» газеті Бүкіл дүниежүзілік шіркеулер Советі австралиялық бөлімшесінің 1 декабрде Сидней Ратушінде «христиандар бейбітшілік үшін күресуде» деген ұранмен жыйналыс өткізу жөнінде қарар қабылдағандығын хабарлады.

БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ ПУРЭТОРИКАЛЫҚ КОМИТЕТІ СЕКРЕТАРЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

НЬЮ-ИОРК, 26 ноябрь. (СОТА). Бейбітшілікті жақтаушылардың Пураторикалық комитетінің секретары Хосе Энаморадо Куэста БҰҰ-ның штаб-пәтерінде болып, Бас Ассамблеядағы түрлі елдердің делегаттарынан Венада Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің көзір өтіп жатқан сессиясына қатысу мүмкіншілігінен айырып, АҚШ үкметінің оның паспортын алып қойғандығы әрекетіне қарсы білдірген оның наразылығын қолдауды өтінген.

ВЬЕТНАМНЫҢ БІРІККЕН ҰЛТТЫҚ МАЙДАНЫ КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 27 ноябрь. (СОТА). «Юманите» газеті Вьетнамның біріккен ұлт-

ді өз жұмысыменалғы бір жарындаылықта артылады, үгіт-бұқаралық жұмыстың нәрменді болуына көмектеседі.

Е. АБЛИН,

Ленин ауданы, «Булақ» колхозы үгіт коллективінің жетекшісі.

Үгіт жұмысына қабырға газетін пайдалану туралы

Саяси үгіттің түрлері мен әдістері аралуан. Мәселен, өндірістік кеңес өткізу, жеке, кемесе, бір топ адамның арасында әңгіме өткізу, олар арасында газет, журнал, саяси әдебиет және шаруашылық тақырыптарға жазылған кітаптарды оқу, көрнекі құралдарды пайдалану тағы басқалары. Мен үгіт жұмысына көбінесе қабырға газетін пайдалануды әдетке айналдырып жүрмін. Өйткені, өз колхозымыздың өмірі туралы мәселелер қабырға газетіне көп жазылады. Сондықтан өткізетін әрбір әңгіме қабырға газетінен лайықты фактілерді жиі дауып алып отырамын. Біздің колхозда «Колхозшылар үні» атты қабырға газеті шығарылады. Жыл басынан бері оның 10 нөмірі шығарылды. Әрбір нөмірінде өзат колхозшылардың тәжірибелері, социалистік жарыстың орындалу барысы, егін және мал шаруашылығындағы жетістіктер мен кемшіліктер, кейбір адамдардың еңбекке белсене қатыспайтындығы, колхоз өмірінің және басқа да осындай түйінді мәселелері жазылады.

Жақында маған колхозшылар мен механизаторлар арасында сентябрь Пленумының қаулысын түсіндіру жөнінде әңгіме өткізуге тура келді. Осы әңгімеде қабырға газетіне жарияланған өзат механизмдер: трактор отрядының бригадирі Т. Мұхамедияров, тракторшылар Д. Аяққабов, Д. Мейрамов жолдастардың тәжірибелерін тыңдаушыларға оқып бердім. Сонымен бірге тапсырмасын орындай алмай жүрген тракторшы Е. Бәстемиев, еңбекке белсене қатыспайтын колхозшылар Ақметжанова Әлімжанова жолдастар туралы да жазылған сын пікірлерді айттым. Пленум қаулысында алаң қойылған міндеттерді түсіндірумен қатар, ол міндеттердің өз колхозымызда қалай орындалып жатқандығын жеке адамдардың еңбекке көзқарасымен түсіндіріміз тыңдаушыларға зор әсер етті. Тракторшы Е. Бәстемиев жолдас туралы қабырға газетінде жарияланған мақалада оның тракторын құтпейтіндігі, өз жұмысына жауапсыз қарайтындығы, осы себеппен тапсырманы орындамайтындығы айтылған. Ал, колхозшылар Ақметжанова мен Әлімжановалардың тиісті еңбеккүмінимумын таппағандығы қатты сыналған. Мен сонғы фактілер мен газеттегі фактілерді қосып айтқанымда жоғарыда аты аталған жолдастар тыңдаушылар алдында қатты ұялды. Олар әңгіме біткеннен кейін сөз сөйлеп, бұл кемшіліктерің қайталамауға серт берді. Көзір аталған жолдастар өздерінің серттерін іс жүзінде орындауда.

И. ӘБІШЕВ,

Октябрь ауданы, «Қызыл ту» колхозы үгіт коллективінің жетекшісі.

дүркендейін тамашалап байқаптың мысалдарды көру оларға әреңге әсер ететіндігі тәжірибеде көрініп жүр.

Көп реттерде колхозшылар түрлі монтаждарды, көрнегі суреттерінің мәзмұнын жете түсіндіруді үгітшілерден тілек етеді. Сондықтан да әдетте біз әрбір суретке толық түсінік беру ісіне әреңге назар аударамыз. Бұл әрине, алдын-ала мұқият әзірлік қажет етеді.

Көрнекі үгітте диаграммаларды үнемі пайдаланып отыру қажет. Әресе, шаруашылықтың негізгі бір саласына арналған тікелей әңгімелерге қосымша монтаждар мен диаграммалар жасау өте пайдалы. Мәселен, біз мал шаруашылығын өркендетуге арналған тематикалық кеште баяндама жасап, мал шаруашылығы қызметкерлерінің пікір алысуымен қатар көрнекі құралдардың бірнеше түрін қолдандық. Бұл үшін монтажда жақсы көрсеткіштерді баяндасақ, қабырға газетінде мал шаруашылығындағы кемшіліктерді сынаптың әзіл суреттер ааддық.

Көрнекі құралды пайдаланудан гөрі оны дайындау қиынырақ болады деп өспеймін. Өйткені, көп реттерде қажетті материалдар кезінде табыла қоймайды. Сондықтан әрбір үгітші көрнекі құралды дайындағанда жергілікті кітапханаға сүйеніп тыңдауға тиіс. Сөйтіп, біресе алқарған жұмыс көрнекті құралдың жақсы дайындалуына және оның әсерлі болуына көмектеседі. Ақын әрбір үгітші арқашан есте ұстауға тиіс.

Н. ДОЛЖЕНКО,

Приешім ауданы, «Путь Октября» колхозы үгіт коллективінің жетекшісі.

Озат тәжірибені кеңінен насихаттайық

Г. ЧЕШКОВ,

Мамлют асыл тұқымды мал совхозы үгіт коллективінің жетекшісі

Біздің совхоздың партия ұйымы, оның үгітшілер коллективі озаттардың тәжірибелерін кеңінен насихаттау арқылы совхоз жұмысшыларының өндірістік ытың-жігерін арттыру мәселесіне зор мән беріп отыр. Совхозда алдыңғы қатарлы малшылар көптеп саналады. Солардың бірі — сауыншылар Ш. Досқеева, Ж. Есенова, М. Дик, Ш. Анохина жолдастар. Бұлардың арқасымен өзара социалистік жарысқа түсіп, көтеріңкі міндеттемелер алған болатын. Демек, әрбір сауын сыйырдан бір жылда 4 мың литрден сүт саууға серт бергенді. Берген сертін іс жүзінде, өспеймінше арындау—совет адамдарының дәстүріне айналған іс. Досқеева жолдас өткен он айдың ішінде өзіне бекітілген берген 9 саудын сыйырдың әрқайсысынан 3700 литрден сүт саууға жетісті. Есенова жолдас қақтауындағы 8 сауын сыйырдың әрқайсысынан осы мерзімнің ішінде 3580 литрден сүт алып, айтарлықтай табысқа ие болды. Ал, Дик және Анохина жолдасар да еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті.

Партия ұйымы осы озаттардың тәжірибелерін бүкіл совхоз коллективі арасына кеңінен насихаттауды үгітшілер коллективіне, оның құрамындағы коммунистерге, комсомолеттерге, партияда жоқ активтерге жүктеді. Партия ұйымының бұл тапсырмасын орындауға үгітшілер де белсене қатысты. Алдыңмен фермаларда қабырға таптері шығарылды. Құрмет тақтасты ұйымдастырылды. Фото-монтаж жасалды. Диаграммалар жазылып, бұлардың барлығы көрнекті жерлерге ілінді. Соыларда Досқеева, Есенова, Дик, Анохина және басқа да жолдастардың табыстары, оған жетудегі тәжірибелері жазылып, көрсетілді.

Үгітшілер коллективі озаттардың тәжірибелерін насихаттау туралы жоспар жасап, оны партия бюросының мақсатпен бекіткеннен кейін әрбір фермада жеке-жеке әң-

туы», газетінде жарияланған «Колхоз шаруашылығының барлық саласын жетілдіріңіз» деген тақырыптағы Преснов ауданы, Абай атындағы колхоздың председатели Б. Осипов жолдасының мақаласын оқып бердім. Бұдан кейін тыңдаушылар маған: «Жақсы, Абай атындағы колхоздың шаруашылығы өркендеп келе жатыр ғой, ал, бізде қалай?» деген сұрақтар қойды.

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін мен шаруашылықтың барлық саласынан алдын-ала әзірлен алған фактілерді айттым. Демек, менін жауабымда егін және мал шаруашылығын өркендету жөнінде болған жақсы бастамалармен бірге, елеулі кемшіліктердің де бар екендігі айтылды. Мұның өзі тыңдаушыларды едәуір толқытты, ойға түсірді. Газет оқып болғаннан кейін әңгіме мал қыстатудың алғашқы күндеріндегі кемшіліктер, шабындықтардағы шөптердің, егін орындарындағы сабан мен топандардың әлі мал базаларына толық тасылып алынбай жатқандығы туралы болды. Сондықтан тыңдаушылар әңгімеге өздері белсене қатынасып, бұл кемшіліктерді жою жөнінде бағалы пікірлер айтты.

Әрине, газетті оқу үшін де шеберлік қажет. Оқығанда әрбір сөз анық және дұрыс айтылуы керек. Тыңдаушылардың кейбір терминдерді түсінбеуі мүмкін. Сондықтан оларды жете түсіндіру үшін үгітшінің өзі де көп ізденіп, оқып, өзінің білімін көтеругі керек. Мен осы жағына да айырықша көңіл бөлімін.

Б. МЕНДІБАЕВ,

Булаев ауданы, Стаханов атындағы колхоздың үгіт коллективінің жетекшісі.

маньң үлгіші табыныңда үгітші болып істейді. Ол озаттардың тәжірибелерін сауыншылар арасында насихаттау арқылы барлық сауыншылардың қақтауындағы сыйырларды құнарлы азықпен қастамасыз етуіне, жайылы қораман жабықтауына, сүтті мол алуына жетісті. Бұған мынадай мысалды айтсақ та жеткілікті. Егер совхоз бойынша өткен он айдың ішінде әрбір сауын сыйырдан 3200 литрден сүт алынған болса, бығғы осы мерзімде № 2 ферманың сауыншылары әрбір сауын сыйырдан 3500 литрден сүт сауды.

Совхозда лекторлар тобы жұмыс істейді. Бұл топты коммунист М. Шестетин жолдас басқарады. Жыл басынан бері совхоз өңбекшілері арасында 53 рет лекция оқылып, баяндамалар жасалды. Лекторлар мен баяндамашылар да өздерінің сөзінде озаттардың тәжірибелерін насихаттау мәселесін ерекше назар аударды. Киномеханик, комсомол мүшесі Г. Липатов жолдас совхоз коллективіне аптасына екі-үш рет кинокартина көрсетіп отырады. Липатов жолдас та кинокартина арқылы озаттардың тәжірибелерін насихаттауға, олардың жұмысын көрсетуге зер салады.

Совхозда кітапхана бар. Оның кітап қоры мыңдай саналады. Кітап оқушылардың саны көбеюде. Совхоз жұмысшылары кітап оқу арқылы да озаттардың тәжірибелерін үйреніп отырады. Міне, осылардың барлығы біздің совхоздың мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру жөнінде облыста алдыңғы қатарда болуына мүмкіншілік беріп келеді.

Дегенмен үгіт жұмысында кемшіліктер жоқ деп айта алмаймыз. Совхоздағы 32 үгітшінің барлығы бірдей жұмысты жақсы істеп жүрген жоқ. Кейбір үгітшілердің өткізген әңгімесі тиісті дәрежеде болмайды. Үгіт коллективінің міндеті сол — осы кемшіліктерді дереу жойып, барлық үгітшінің ойдағыдай жұмыс істеуіне жеткізу.

қалыптанып да совхоз шаруашылығын өркендетуге түсу үшін үгіт жұмысын әсерлі етіп жүргізе беру.

Қ. ӘДЛШИН,

Қызылөскер қой совхозы үгіт коллективінің жетекшісі.

Үгітшілердің семинар-кеңестері

Біздің колхозда 28 үгітші бар. Олар 13 үгітші малшылар арасында, 6 үгітші егіншілер арасында, ал, 9 үгітші шаруашылықтың басқа саласындағы колхозшылар арасында үгіт жұмысын жүргізеді. Үгітшілердің көпшілігі коммунистер мен комсомолдер.

Үгітшілердің іскерлігін және білім дәрежесін арттыруға үнемі көмектесіп отыру қажет. Олар өткізетін әңгіменің идеялық дәрежесінің жоғары болуы, тыңдаушылардың әңгімеге белсене қатысуы, әңгіме болып отырған мәселені практикалық жұмыста орындауға тыңдаушылардың жұмыла жірісуі үгітшінің біліміне, дайындығына, іскерлігіне байланысты.

Үгітшілердің шеберлігін арттырып, білімін көтеруде семинар-кеңесі зор роль атқарады. Сол себептен біз үгітшілердің семинар-кеңесін жоспарлы түрде үнемі өткізіп отырамыз. Мәселен, сентябрь Пленумының қаулысын колхозшыларға түсіндіру үшін өткізілген үгітшілердің алғашқы семинар-кеңесі қаулының саяси маңызын тыңдаушыларға қалай түсіндіру жөнінде болды. Бұдан кейін үгітшілер өздерінің участоктерінде колхозшыларға қаулының саяси маңызын түсіндіріп, әңгіме өткізді. Осыдан соң үгітшілердің семинар-кеңесін қаулының әрбір тақырыбы бойынша жеке-жеке өткіздік. Онда қаулының әрбір тақырыбын колхозшыларға қалай түсіндіру тәртібін айттық. Бұл әңгімеге әңгімеге қалай дайындалу, қандай қосымша материалдарды пайдалану, әңгімені колхоздың өмірімен қалай байланыстыру жолдарын түсіндірдік.

Үгітшілер өз участоктеріне барып, қаулының әр тарауын колхоздың шаруашылықтарымен байланыстыра отырып, терең түсіндіретін болды. Семинар-кеңесін осылай өткізіп отыруымыз үгітшілердің белсенділігін, білімін, шеберлігін бұрынғыдан әлде қайда арттырып келеді. Сонымен қатар, колхозшылар арасында өткізілген әңгіменің идеялық дәрежесі жоғары болуына жағдай жасауда.

Үгітшілер өздері әңгімеге қалай дайындалып, қалай өткізгенде әңгіме тыңдаушыларға әсерлі, қызықты болады — сіне, семинар-кеңесінде үгітшілер осы жөнінде пікірлерін айтып, тәжірибелерін ортаға салады.

Көзір біздің колхозда үгіт жұмысы кең өріс алуда. Үгітшілер С. Шайдаулин, А. Әбілмәжінов, М. Қудығенов, А. Қасымов жолдастар сентябрь Пленумының қаулысы бойынша бірнеше рет әңгіме өткізіп. Олардың әңгімесіне колхозшылар белсене қатысты.

С. ДӘУИТОВ,

Совет ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы үгіт коллективінің жетекшісі.

ғық майданы Комитетінің Францияның Ұлттық Бейбітшілік Советіне қат жолдап, онда француз халқының Индо-Қытайдағы соғысты тоқтату жолындағы күресін құттықтағанын және Хо Ши Мин үкіметімен келіссөз жүргізу Франция үшін Индо-Қытай жанжалын реттеудің бірден-бір құралы болып табылады деп мәлімдегенін хабарлады.

АҚШ-тың соғыс жоспарларына Зайланысты Афганистандағы тынышсыздану

КАБУЛ, 26 ноябрь. (СОТА). Баспасөздің хабарларына қарағанда, АҚШ пен Пакистан арасындағы соғыс келісімдері жөніндегі хабарлар Афганистан жұртшылығының елеулі тынышсыздануын тудырған. «Анис» газеті Пакистан жерінде Құрама Штаттардың соғыс базаларының орналасуы Орта Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азияда қауіпсіздікті нығайтпайды, қайта жер шарының бұл ауданында шиеленісті күшейте түседі деп жазады.

Редактор **Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЗЭЙТУН АҒАШТАРЫ

АЛҚАБЫНДА ТЫНЫШТЫҚ ЖОҚ»
Сеанстар сағат 4.30-6.30-8.10-10-10-10-10 басталады.

«ОКтябрь» КИНОТЕАТРЫНДА

«ФРАНЦ ШУБЕРТ»

Сеанстар сағат 12-2-4-6-8-10-10-10 басталады.

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР
ССРО-НЫ ӨРКЕНДЕТУДІҢ
БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ
ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУҒА
КӨМЕТЕСЕДІ

1953 жылғы 30 ноябрьде
Қуаиш қаласында Мемлекеттік
үш проценттік ішкі ұтыс
заемның 38 тиражы өткізіледі
Заемның бес разряды бойынша
тиражда мынадай ұтыстар шығады.

10 ұтыс	50.000 сомнан
25 ұтыс	25.000 сомнан
125 ұтыс	10.000 сомнан
400 ұтыс	5.000 сомнан
3500 ұтыс	1.000 сомнан
38400 ұтыс	400 сомнан
Жалпы сомасы	23.251.000, сомдық
42.500 ұтыс	шығады.

Мемлекеттік үш проценттік ішкі-ұтыс заемның облигацияларын сатып алыңыздар!
Жығнақ қассаларында заем облигацияларын еркін сатылады және қайтадан сатып алынады.

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-36, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сәйлесуге болады.